

## Мүгедектерге жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № а-10/539 қаулысы. Ақмола облысы Степногорск қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 4 ақпанда № 1-2-104 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № а-2/58 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 05.02.2016 № а-2/58 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабының 5-2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 31 бабына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 06.09.2013 № А-9/347 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Мүгедектер үшін жалпы жұмыс орындарының санынан үш пайыз мөлшерінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Степногорск қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 4 маусымдағы № ә-6/214 "Степногорск қаласы бойынша мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді Аймақтық мемлекеттік тіркеу Тізімдемесінде № 1-2-90 тіркелген, 2008 жылдың 04 шілдеде № 23 (105) "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Степногорск қаласының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.Ә. Сәдуақасоваға жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК